

FTAXP 06.52.13  
ӘОЖ 334.746.4.001.895 (574)

**М.С. ИСКАКОВА,<sup>1</sup>**

докторант.

**А.А. АМАНБАЕВА,<sup>1</sup>**

PhD, қауымдастырылған профессор м.а.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң  
университеті (Семей қ.)<sup>1</sup>

## **ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПкерлікті дамытуда мемлекеттік қолдау бағдарламаларының әсерін бағалау**

### **Андатпа**

Инновациялық кәсіпкерліктің түпкі мақсаты – қазіргі нарықтық жағдайға тез жауап бере алатын және жаңа буынның бәсекеге қабілетті жоғары технологиялық өнімдердің сериялы өндірісін құру және әлемдік стандарттар деңгейінде сұраныстың артуына мүмкіндік беретін кәсіпорындарды дамыту. Инновациялық кәсіпкерліктің дамуына қолдау көрсету мемлекет деңгейінде жүргізіледі. Қолдау бағдарламалары үш бағыттағы міндеттерді іске асыруға бағытталған: жаңа бизнес бастамаларды қолдау, кәсіпкерлік секторды жетілдіру, экспортқа бағытталған өндірістерді қолдау. Барлық бағыттар экономиканың шикізаттық емес секторларында аймақтық кәсіпкерліктің тұрақты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету, қолда бар және жаңа жұмыс орындарын құрудың кешенді міндеттерін шешеді. Инновациялық экономика мамандарды даярлау, ғылым саласындағы жүйелік реформаларды, жаңа идеяларды қолдауды, алдыңғы қатарлы технологиялардың трансфертін, венчурлық экожүйені құруды қажет етеді. Мемлекеттің инновациялық саясаты бизнеспен серіктестікте жүзеге асырылады. Қолдау шаралары олардың өзара міндеттемелерінің орындалуымен қамтамасыз етіледі. Мемлекеттік ынталандыру тетігі кәсіпорындардың экспортқа бағдарланған даму моделіне көшуін ынталандыратындай етіп жасалады. Бұл тетік сыртқы инвестицияларды тартуға және ұстап тұруға бағытталған. Өңдеуші өнеркәсіптегі жаңа технологиялар мен инновацияларды дамыту бойынша шаралар еліміздегі тауарлар мен қызметтердің стратегиялық бәсекелестігін дамытудың негізгі факторы болып табылады. Кәсіпорындардың инновациялық қызметін қаржыландыру ішкі және сыртқы көздер есебінен жүзеге асырылады. Ішкі қаржыландыруға кәсіпорын пайдасының бір бөлігін инновациялық мақсаттарға пайдалану кіреді. Қаржыландырудың бұл түрі меншікті ресурстардың шектеулі болуына байланысты шағын және орта бизнес үшін қолайлы емес. Қазақстандағы кәсіпорындарды қаржыландырудың ең көп таралған сыртқы көздері – бұл несиелік ресурстар, инновациялық жобаларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік бюджеттен тікелей бөлінетін қаржылар.

Тірек сөздер: мемлекеттік қолдау, инновациялар, ғылым, өндіріс, инвестициялар, кәсіпкерлік, бәсекеге қабілеттілік.

Ғылыми-технологиялық көшбасшылыққа қол жеткізу және жоғары технологиялық инновацияларды тиімді пайдалану елдің әлемнің экономикалық және саяси ареналарында лайықты орнын қалыптастыруға ықпал етеді. Мемлекет тарапынан инновацияларды қолдау халықаралық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуге бағытталған негізгі элемент және қоғамды инновациялық дамудың моделіне айналдырудың қажетті шарты болып табылады. Инновациялық салаға әсер етуді ынталандырудың қазіргі заманғы жүйесі инновациялық дамудың жетекші бағыттарын басымдықпен қолдауға, ғылымның техникалық жетістіктерін бастапқы өндірісте белсенді пайдалануға, инновациялық объектілерге меншік құқығын нормативтік және заңнамалық тұрғыдан қорғауға қаражат тартуға қызығушылықты арттыруға бағытталған шаралар кешенін қамтуы, елде қолайлы экономикалық климат құруы керек.

Экономикалық жүйеде кәсіпкерлік қызмет бірқатар функцияларды орындайды, солардың бірі – ынталандырушылық болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет елдегі экономикалық және әлеуметтік жағдайдың жақсаруына, белгілі бір аймақтағы орта таптың дамуына, демек, кәсіпкерлік қызметтің тиімділігінің артуына ықпал етеді. Аймақтық деңгейде шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау құралдарын жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу арқылы жергілікті кәсіпкерлікті дамытуға болады.

Өңірлерде кәсіпкерлікті дамытудың ғылыми-техникалық басымдықтарын айқындаудың әдістемесін құру үшін барлық деңгейлерде мемлекеттік реттеу мен инновациялық қолдаудың біртұтастығын көздейтін жүйелік тәсілді: тұтастай мемлекеттік деңгейде, аймақтық деңгейде, жеке инновациялық кәсіпкер деңгейінде қолдану қажет.

Ірі кәсіпорындар үшін жаңа инновациялық кәсіпкерлерді құру үдерістері маңызды, өйткені оларда инновациялық менеджменттің күрделі жүйесі бар, жоғары табыстарға қол жеткізу үшін ірі жобаларға көп көңіл бөледі. Зияткерлік меншікті қорғауды экономикалық ынталандырусыз тиімді инновация мүмкін емес. Бәсекелестермен салыстырғанда инновациялық кәсіпкердің қызметін нарықтың таңдалған сегментінде тиімді пайдалану мүмкіндіктерін бағалау инновациялық қызметтің сапалық сипаттамаларының қызмет ету мерзімі мен өнімділігіне байланысты.

Елімізде инновациялық кәсіпкерлікті ғылыми, техникалық, экономикалық, ұйымдастырушылық, ақпараттық және кеңестік қолдауға бағытталған мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары қарастырылған.

Мемлекеттік экономикалық (қаржылық) қолдау тұрғысынан қаржылық-несиелік және инвестициялық тетіктерді жетілдіру, салық жүйесін, инновациялық бизнес құрылымдарға жеңілдіктер мен субсидиялар жүйесін жетілдіру қажеттілігі негізделеді.

Мемлекеттік ұйымдастырушылық қолдау тұрғысынан инновациялық инфрақұрылымды жетілдіру, монополияға қарсы саясатты жетілдіру және жосықсыз бәсекелестікті азайту, халықаралық талаптарға сәйкес стандарттау және сертификаттау жүйесін дамыту қажеттілігі негізделеді.

Ақпараттық және консалтингтік қолдау тұрғысынан нормативтік базаны дамыту, консалтингтік қызметтер үшін бірыңғай ақпараттық өрісті құру, зияткерлік меншікті қорғаудың нысандары мен әдістерін жетілдіру, ғылыми кадрлардың көбеюі қажеттілігі негізделеді.

Экономиканы түрлендірудің барлық шаралары жоғары технологиялық өнімдер шығаруға, ғылыми зерттеулерді қолдауға және ғылыми зерттеулер мен технологиялар трансфертін тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұрақты жүйені құруға және дамытуға әкелуі керек. Инновациялық кәсіпкерлікті ынталандыру шараларын талдай отырып, басты мәселелердің бірі мемлекеттің кәсіпкерлік субъектілерінің жұмыс істеуінің нақты және нормативтік-құқықтық базасын қамтамасыз ету болып табылады [1].

Қазақстанның таңдаған стратегиялық позициясы аясында мемлекет кәсіпкерлік субъектілерін жан-жақты қолдау мен ынталандыру шараларын әзірлеу және іске асыру бойынша белсенді саясат жүргізуде. Кәсіпорындардың инновациялық қызметін қаржыландыру ішкі және сыртқы көздер есебінен жүзеге асырылады. Ішкі қаржыландыруға кәсіпорын пайдасының бір бөлігін инновациялық мақсаттарға пайдалану кіреді. Қаржыландырудың бұл түрі меншікті ресурстардың шектеулі болуына байланысты шағын және орта бизнес үшін қолайлы емес. Қазақстандағы кәсіпорындарды қаржыландырудың ең көп таралған сыртқы көздері – бұл несиелік ресурстар, инновациялық жобаларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік бюджеттен тікелей бөлінетін қаржылар.

Экономикалық дамудың іргелі факторлары – адами ресурстар, бәсекеге қабілетті шағын және орта бизнес, инфрақұрылым және тиімді институционалды орта, осылар біріге келе технологиялар мен инновациялар саласында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда инновациялық кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру үшін білім берудің үздік әлемдік форматтарын біріктіру, технологиялар трансферті жүйесін дамыту, әзірлемелер мен технологияларды коммерциализациялау, инновациялық іс-әрекеттерді және өнертабыстарды танымал ету, идеяларды ынталандыру қажет.

Елімізде инновациялық дамудың жаңа стратегиясын іске асыру технологиялық болжауды, мақсатты технологиялық бағдарламаларды, халықаралық сарапшылардың мәліметтер базасын, халықаралық технологиялар трансферті орталықтарын, инновациялық технопарктері, салалық дизайн бюроларын, кеңселер мен коммерцияландыру орталықтарын қамтуы керек.

Инновациялық кәсіпкерліктің дамуына мемлекеттік қолдауды Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі мен «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі көрсетеді.

Үкімет алдына қойылған үлкен міндет – 2050 жылға қарай шағын және орта бизнес (ШОБ) үлесін ішкі жалпы өнімнің 50%-ына дейін жеткізу. Қазір бұл көрсеткіш 28%-дан асты. Осы мақсатқа жету құралдарының бірі – түрлі мемлекеттік бағдарламалар арқылы бизнеске қол жетімді етуге тырысатын несиелеу.

Артықшылықты жобаларды несиелеу механизмі аясында өндірістік және агробизнеспен айналысатын кәсіпкерлер қаржыландыру ала алады. Бұл Қазақстандағы қарапайым заттар

өндірісін дамытуға бағытталған жаңа мемлекеттік бағдарлама, ал міндетті шарт – тауарлар мен қызметтер өндірісі. Мемлекеттік субсидиялар есебінен кәсіпкер жеңілдетілген мөлшерлеме алуға мүмкіндігі бар. Несиелер инвестициялауға және айналым қаражатын толықтыруға беріледі [2].

Шағын және орта бизнес ұйымдарын мемлекеттік қолдау аясында олардың қызметін қаржыландыру мен несиелендірудің бірнеше бағдарламалары бар.

«Бизнестің жол картасы–2025» бағдарламасы бойынша кәсіпкерлікке, бизнес жобаларға пайыздық мөлшерлемелер негізінде субсидиялар қарастырылған. Бұл бағдарлама 2010 жылдан бастап жұмыс істейді және осы уақыт ішінде құны 2,2 триллион теңгеден асатын 15 мыңға жуық жобаларға субсидияларды мақұлдады, берілген субсидиялар 250 миллиардтан асады.

«Еңбек» бағдарламасы аясында жаңадан бастаушылар да, жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер де несие ала алады. Бағдарламада салалық шектеулер қарастырылмаған, тек аймаққа байланысты несиенің максималды мөлшеріне шектеу бар. Бұл бюджеттік бағдарлама шағын бизнес нарығын дамытуға, жеке бизнесін ашуға және дамытуға ниет білдіретін өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға көмектесуге арналған.

Бағдарламалар бюджеттік қаражаттарды тарту арқылы және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы жүзеге асырылады, ол бюджеттен және халықаралық көздерден қаражат тартады, сондай-ақ оларды қазақстандық банктермен бірге бизнеске беру үшін жеңілдетілген қаржыландыруды қамтамасыз етеді. Қол жетімді мемлекеттік несиелеу бағдарламаларының тізімі неғұрлым кең және мамандандырылған бағыттарды қамтиды.

Кесте 1 – Шағын инновациялық кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бағдарламалары

	«Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламасы	«Еңбек» бағдарламасы	«Даму аймақтар» III бағдарламасы
Бағдарлама мақсаты:	Аймақтық кәсіпкерліктің тұрақты және баланстандырылған өсуін қамту, іске қосылған жұмыс орындарын қолдау және жаңа жұмыс орындарын ашу	Халықты нәтижелі жұмыспен қамту және тұрғындарды кәсіпкерлікке тарту	Шағын және орта бизнестегі кәсіпкерлерді жеңілдікпен қаржыландыру және кепілдікпен субсидия түрінде қосымша мемлекеттік қолдау
Бағдарламаның бағытталуы:	Шағын кәсіпкерлік субъектілерін микронесиелеу арқылы моноқалалар, шағын қалалар, ауылдық елді мекендердегі кәсіпкерлердің жаңа бизнес-бастамаларын қолдау	Еңбек нарығындағы қажеттіліктерді ескеріп, кадрларды даярлау, қысқа мерзімді кәсіптік оқыту	Айналым капиталын толықтыру, жаңа және негізгі құралдарды жаңғырту, сатып алу
Бір қарыз алушыға қарыздың сомасы:	Бір кәсіпкер үшін 750,0 млн теңгеден аспауы керек	Микронесиенің ең жоғары сомасы – 8 мың айлық есептік көрсеткішке дейін	500 млн теңгеге дейін, несиенің мерзімі 84 айға дейін
Сыйақы үстемесі:	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейтін базалық пайыздық мөлшерлеме 5%-дан аспайды	Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 6%-дан аспайды	нарықтағы жағдайды ескере отырып, серіктес банк өзі шешеді
Несиелеу мерзімі:	1. Инвестиция үшін – 5 (бес) жыл, субсидиялау мерзімін ұзартуға құқығы жоқ. 2. Айналым қаражатын толықтыру үшін, субсидиялау мерзімін ұзартуға құқығы жоқ 3 (үш) жыл	Несие беру мерзімі – 7 жылдан аспайды.	Банк несие алушыға жеңілдік ұсынады: - сыйақыны төлеу – 1 (бір) жылдан артық емес уақытқа; - негізгі борышты өтеу – 3 (үш) жылдан артық емес уақытқа
Ескертпе – [2] қайнар көз негізінде автормен құрастырылған.			

Кестеде мемлекеттік бағдарламалар арқылы қаржыландырудың тәртібі мен ерекшеліктері көрсетілген.

Соңғы жеті жыл ішінде Үкімет шағын және орта бизнесті қолдауға «Даму» қоры арқылы 652,8 миллиард теңге жұмсады.

Өңдеуші сектордың тұрақты өсуіне және бәсекеге қабілеттілігіне әлемдік дамыған нарыққа қол жеткізе отырып, орта, жоғары технологиялық өнім шығаруға бағытталған технологиялық дамыған индустрия құру, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың негізгі қорларын қайта құру және цифрландыру арқылы қол жеткізеді.

Жаһандану жағдайында инновациялық дамудың тұрақтылығы елдің бәсекеге қабілеттілігін, оның экономикалық, технологиялық, экологиялық қауіпсіздігі мен тұрақты дамуын қамтамасыз етудің шешуші факторларының бірі болып табылады. Инновациялық экономикалық модель елдің қазіргі және болашақтағы тұрақты әл-ауқатын қамтамасыз етеді. Осыған байланысты мемлекет ұлттық инновациялық кәсіпкерлікті дамытуға ерекше назар аударуы керек.

Кесте 2 – Шағын және орта кәсіпкерлікке тартылған қаражаттардың құрылымы

«Даму» қоры арқылы тартылған қаржылар	2017 ж.		2018 ж.		2019 ж.	
	сомасы мың тг	Үлесі %	сомасы мың тг	Үлесі %	сомасы мың тг	Үлесі %
Барлығы	73 658	100	95 855	100	114 181	100
Орналастыруға байланысты	40 098	54,4	51 140	53,3	62 180	54,5
Субсидиялар	30 609	41,5	40 793	42,5	47 660	41,7
Кепілдемелер	2 951	4,1	3 922	4,2	4 341	3,8
Ескертпе – «Даму» қоры мәліметтері негізінде автормен құрастырылған.						

Кестеде шағын және орта кәсіпкерлікке тартылған қаражаттардың құрылымы көрсетілген. Кәсіпкерлікті дамытуға жұмсалған қаржылар жыл сайын артып келеді.

Инновациялық белсенді кәсіпорындардың өсуіне қарамастан, отандық кәсіпорындардың инновация саласындағы кәсіпкерлік белсенділігі әлі де төмен. Қазақстан өзінің өндірістік базасын басқаруға және модернизациялауға кедергі келтіретін шетелдік әзірлемелерге және қазірдің өзінде қолданылып жүрген және қолданылатын технологияларға тәуелді.


Инновациялық өнімдер нақты қажеттілікті қанағаттандыру стереотипін өзгертуді ғана емес, сонымен бірге қажеттілікті қанағаттандыруға болатын ортаны өзгертуді қажет етеді. Инновациялық өнімдерді шығара отырып, өндірісте сапалы өзгерістерге қол жеткізуге болады. Инновациялық өнімдер инновациялық қызметтің нәтижесі. Жоғары технологиялық өнімдер шығаратын кәсіпорындар нарықта үлкен сұранысқа ие.

Жалпы ішкі өнімде (ЖІӨ) инновациялық өнімдердің үлесі төмен [3]. Инновациялық өнімдердің (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) 2017–2019 жылдардағы ЖІӨ-дегі үлесін келесі суреттен көруге болады (сурет 1, б. 187).

Инновациялық кәсіпорында өнімінің 70%-ы инновациялық өнім болып табылады. Инновациялық жобаны іске асыруды, зерттеу немесе жаңа технологияны, эксперименттік үлгіні игеруді күрделі қаржы салу, қолдаусыз мүмкін емес. Инновациялық өнім бірнеше сипаттамаларға ие болуы керек: біріншіден, ол зияткерлік меншік объектісі болуы, мемлекеттік қорғау құжаттары (лицензиялар, патенттер) болуы керек, сонымен бірге ол елдің ғылыми, техникалық және технологиялық деңгейін көтеруі керек (сурет 2, б. 187).


Шағын инновациялық кәсіпорындар экономиканың дамуында маңызды рөл атқарады. Олар жоғары экономикалық тиімділікті қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар жоғары технологиялық өнімдер мен технологиялық үдерістерді енгізуге бағытталған. Бұл кәсіпорындар сонымен қатар елде жоғары білікті кадрлардың сақталуына көмектеседі. Шағын инновациялық кәсіпорындар ғылым, өндіріс және нарық арасында байланыстырушы рөл атқарады.

Мемлекеттік қолдаудың икемді және тиімді жүйесі қалыптасып келеді, оның ерекшелігі инновациялық компонентті үнемі нығайту болып табылады. Елімізде шағын инновациялық кәсіпкерліктің мәселелерін шешуге ықпал ететін жетілдірілген құқықтық актілер жиынтығы әзірленуде.



Сурет 1 – Инновациялық өнімдердің (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) ЖІӨ-дегі үлесі, %

Ескертпе – ҚР Статистика комитеті мәліметтері негізінде автормен жасалған.



Сурет 2 – Меншік нысандары бойынша өнімдік және процестік инновацияларға жұмсалған шығындар

Ескертпе – ҚР Статистика комитеті мәліметтері негізінде автормен жасалған.

Отандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттыру үшін экономикалық ынталандыру тетігін қалыптастыру қажет, онда салықтық жеңілдіктер маңызды рөл атқарады – ғылыми және инновациялық қызмет саласына бөлінген жеке капиталға жеңілдіктер мен преференциялар жасау. Инновациялық қызметті жандандыру үшін бәсекеге қабілетті жаңа өнімдер шығаратын және озық технологияларды қолданатын компанияларға мүлікке жеңілдетілген салық салуды қолдануы керек.

Кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің артуына кедергі болатын негізгі факторлар ретінде мыналарды айтуға болады: инвестициялау және несиелеу шарттары қолайсыз; клиенттердің төлем қабілеттілігінің жеткіліксіздігі; инновацияның жоғары құны; меншікті қаржы ресурстарының жеткіліксіздігі; мемлекет тарапынан төмен қаржылық қолдау.



ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстанда инновациялық кәсіпкерліктің дамуы: <https://startinfo.kz/buisness/qazaqstanda-innov-kasip-damu/> (дата обращения: 19.06.2020).

2 Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1050 қаулысы.

3 Инновациялық өнімдердің (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) ЖІӨ-дегі үлесі, % // Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің ресми сайты: [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz).

**М.С. ИСКАКОВА,<sup>1</sup>**

докторант.

**А.А. АМАНБАЕВА,<sup>1</sup>**

PhD, и.о. ассоциированного профессора.

Казахский гуманитарно-юридический  
инновационный университет (г. Семей)<sup>1</sup>

**ОЦЕНКА ВЛИЯНИЯ ПРОГРАММ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКИ  
НА РАЗВИТИЕ ИННОВАЦИОННОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА**

**Аннотация**

Конечной целью инновационного предпринимательства является развитие предприятий, способных быстро реагировать на текущую рыночную ситуацию, создавать конкурентоспособные высокотехнологичные продукты нового поколения и повышать спрос на уровне мировых стандартов. Поддержка развития инновационного предпринимательства оказывается на государственном уровне. Программы поддержки направлены на реализацию трех задач: поддержку новых бизнес-инициатив, улучшение предпринимательского сектора, поддержку экспортоориентированных отраслей. Все направления решают сложные задачи обеспечения устойчивого и сбалансированного роста регионального предпринимательства в несырьевых секторах экономики, создания существующих и новых рабочих мест. Инновационная экономика требует обучения, системных реформ в науке, поддержки новых идей, передачи передовых технологий, создания венчурной экосистемы. Инновационная политика государства реализуется в партнерстве с субъектами бизнеса. Меры поддержки обеспечиваются выполнением их взаимных обязательств. Механизм государственного стимулирования призван стимулировать предприятия к переходу на экспортоориентированную модель развития. Этот механизм направлен на привлечение и удержание иностранных инвестиций. Меры по развитию новых технологий и инноваций в обрабатывающей промышленности являются ключевым фактором в развитии стратегической конкурентоспособности товаров и услуг в стране. Финансирование инновационной деятельности предприятий осуществляется за счет внутренних и внешних источников. Внутреннее финансирование включает использование части прибыли компании в инновационных целях. Этот вид финансирования не подходит для малого и среднего бизнеса из-за ограниченных собственных ресурсов. Наиболее распространенными внешними источниками финансирования для предприятий в Казахстане являются кредитные ресурсы, средства, выделяемые непосредственно из государственного бюджета на реализацию инновационных проектов.

Ключевые слова: государственная поддержка, инновации, наука, производство, инвестиции, предпринимательство, конкурентоспособность.

**M.S. ISKAKOVA,<sup>1</sup>**

PhD student.

**A.A. IMANBAEVA,<sup>1</sup>**

PhD, acting associate professor.

Kazakh humanitarian law  
innovative university (Semey)<sup>1</sup>

**EVALUATION OF THE INFLUENCE OF STATE SUPPORT PROGRAMS  
ON THE DEVELOPMENT OF INNOVATIVE ENTREPRENEURSHIP**

**Abstract**

The ultimate goal of innovative entrepreneurship is the development of enterprises that are able to quickly respond to the current market situation, create competitive high-tech products of the new generation and increase demand at

the level of world standards. Support for the development of innovative entrepreneurship is provided at the state level. Support programs are aimed at implementing three tasks: supporting new business initiatives, improving the business sector, and supporting export-oriented industries. All areas solve the complex tasks of ensuring sustainable and balanced growth of regional entrepreneurship in non-resource sectors of the economy, creating existing and new jobs. The transition to an innovative economy requires systemic reforms in the field of training, scientific and applied research, support for startups, the transfer of advanced technologies, and the creation of a venture ecosystem. The industrial and innovation policy of the state is implemented in partnership with business. Support measures are provided by the fulfillment of their mutual obligations. Financing of innovative activities of enterprises is carried out at the expense of internal and external sources. Internal financing includes the use of part of the company's profits for innovative purposes. This type of financing is not suitable for small and medium-sized businesses due to limited own resources. The most common external sources of financing for enterprises in Kazakhstan are credit resources, funds allocated directly from the state budget for the implementation of innovative projects.

Key words: government support, innovation, science, production, investment, entrepreneurship, competitiveness.